

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Базар жырау «Әмина қыз» дастаны

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/63056/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті
«Қазалы ауданының білім бөлімінің
оқушылар үйі» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

«Жігер» үйірмесінің жетекшісі: Елеева Роза Жағалқызы

Сабақтың мақсаты: Базар Оңдасұлы туралы мәлімет беру.

Әмина қыз дастанының мазмұнын меңгерту.

Сабақтың міндеттері:

Білімділік: Аңыз-әңгіме арқылы Әмина қыз бейнесіне талдау жасау, әңгіме

мазмұнына талдау жасай отырып, терең түсіне білуге, қызыға оқуға жетелеу.

Дамытушылығы: сыни тұрғыдан ойлау арқылы өз пікірін қорғауға

дағдыландыру, көркем сөйлеуге және өзгенің пікірін сыйлауға үйрету

Тәрбиелік: Дастандағы белгісіз есімді қыз бейнесі арқылы

тапқырлыққа, досқа қайырымды, кішіпейіл болуға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі

Сабақтың әдіс-тәсілі: «мина» әдісі, түсіндіру, сұрақ-жауап, дәптермен жұмыс

Көрнекілігі: Базар Оңдасұлының суреті және нақыл сөздері

Пәнаралық байланыс: Әдебиет, тарих

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

А. Оқушылармен сәлемдесу

Б. Оқушыларды түгелдеу

С. Оқушылардың назарын сабаққа аудару

II. Үй тапсырмасын сұрау (Мина әдісі арқылы)

Үй тапсырмасының сұрақтары:

Төрт түліктің пірлері

1. Түйенің пірі кім? (Ойсылқара)
2. Жылқының пірі кім? (Қамбар ата)
3. Сиырдың пірі кім? (Зеңгі баба)
4. Қойдың пірі кім? (Шопан ата)
5. Ешкінің пірі кім? (Сексек ата)

Қосымша сұрақтар

1. Батырдың пірі кім? (Ғайып ерен, қырық шілтен)
2. Әйелдің пірі кім? (Бибі Бәтима)
3. Төрт шадияр дегеніміз кім? (4 дос. Омар, Оспан, Әубәкір, Әли)

III. Жаңа сабақ

Базар Оңдасұлы

(Өмірбаян)

Базар Оңдасұлы - Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында туған.

Руы- Шөмекей ішіндегі Балқы, сондықтан ел арасында Балқы базар атанып кеткен. Болашақ жырау әкесінен ерте жетім қалып, есейгенше нағашысы Өтемістің қолында тәрбиеленеді. 9 жасында Тәспен би оны өз қолына алады. Таспен би ауылына сол кездегі Сыр бойы, Арқа өңіріне белгілі жыраулар келіп, апталап, айлап жатады екен. Бұл Базардың жыраулық жолға түсуіне бірден бір себеп, үлкен мектеп болды. Базар жырау 15-16 жасында «бала жырау» атанды. Базар осы кезден бастап Ор төңірегін, Ырғыз, Сыр бойы, Қызылқұмды, Хиуа жағын жырау ретінде аралайды. Осы төңіректе кеңінен жайылған Ноғайлы дәуірінің қиссаларымен танысып, оларды жатап, халық арасында жырлайды. Хорезм жағында болған кездерінде Орта Азия жұртшылығы арасында кеңінен мәлім дастандарды («Көрұғылы», «Жүсіп-Ахмет» т.б) қазақ тілінде өзінше жырлап Сыр бойына таратады. Сонымен қатар Шығыс аңыздарының ізімен «Айна тарақ», «Әмина қыз» атты шағын дастандарды шығарды.

«Әмина қыз»

Адам аңдып жүрген ажал- дұшпан,
Өлімнің білмейді ешкім ерте кешін
Бағдаттың шаһарында ертеде өткен

Айтайын Әмина қыз әңгімесін

Түсіндірме сөздік(дәптермен жұмыс)

1. **«Бір зауал-әр кемелге»**Әр жасалған істің соңы бар
2. **«Гөрбан»**Есінен алжасу
3. **«Пазылына»**Алланың қиындықтан құтқаруы
4. **«Жаһанның»**Ел кезіп кетуі

IV Сабақты бекіту

Сұрақ жауап

1. Бүгін сіздер қандай дастанмен таныстынңыздар?

2. Аңыз сіздерге несімен ұнады?
3. Әминаның әрекеті дұрыс па?
4. Белгісіз есімді қыздың бойынан қандай қасиеттерді байқадыңыз?
5. Ойларыңызда сақталған қандай дана сөздер бар?

Қорытындылау:

Бүгінгі сабақтан мен _____ алдым

Мен бүгінгі сабақтан _____ үйрендім

Бүгінгі сабақтан мен _____ ой түйдім

Әмина қыз дастанынан алған әсерім _____

Үй тапсырмасы: Базар Оңдасұлының «Әмина қыз» дастанын оқып келу

Бағалау: Оқушылардың сабаққа қатысуы мен үй тапсырмасын орындауы бойынша

бағалау.

Оқушының қорытындылау парағы

Бүгінгі сабақтан мен _____

алдым

Мен бүгінгі сабақтан _____

_____ үйрендім

Бүгінгі сабақтан мен _____

ой түйдім

Әмина қыз дастанынан алған

_____ әсерім

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.